

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	12.06. - 16.06.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Балалар бірінші күн толық құжаттарымен, дене қызуын өлшеп, дене терісін тексеріп, медбикенің рұқсатымен				

әңгімелесу, кеңес беру	қабылданады. Бойы, салмағы өлшенеді.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Бөлме өсімдіктерін күту. Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктерге ұқыптылықпен қарауға бейімдеу, күтуге деген қызығушылықтарын ояту, ересектерге қолқабыс танытуға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	Аквариумдағы балықты коректендіру. Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, балықтарға жемді үгітіп, шашып, қамқорлық жасау ниеттерін туғызу. (еңбек дағдылары)	Бөлме өсімдіктері жапырақтарының шаңын сүрту. Мақсат-міндеттер: балаларды бөлме өсімдіктеріне дұрыс күтім жасауға машықтандыру; аспидистра, фикустің жалпақ жапырақтарын сүлгімен сүрту техникасына жаттықтыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	Кітаптарды кітап бұрышындағы сөрелерге дұрыс орналастыру. Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бағалауға, кітаптарды қатарға ретпен қоюға ынталандыру; еңбекқорлыққа тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	Ойыншықтарды жуу. Мақсат-міндеттер: балаларды тәрбиешінің еңбегін бақылап, қолынан келгенше көмек көрсетуге дағдыландыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)
	Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту.	"Қандай ойыншық жасырынған?" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке,	"Суретті жұмбақтар" ойыны. Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. Тәрбиеші қораптан неше түрлі суреттері	Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың тапқақты мәнерлеп айтуға деген қызығушылығын	"Суретті жұмбақтар" ойыны. Мақсат-міндеттер: логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. Тәрбиеші қораптан неше түрлі суреттері

	"Кемпірқосақ". Кемпірқосақ көпірдей Аспан жарып туыпты. Жердің екі бетіне Жеті жеңін жауыпты. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Баулар" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту; ойлау, түйсік қабілеттерін жетілдіру. (танымдық дағдылар)	татулыққа тәрбиелеу. Балалар бөлменің бұрышында тұрады. Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады, тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да "болды", деген де балалар жалаушаны іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. Ойын 2-3 рет қайталанады. (дене шынықтыру) "Жел көбік" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберде ойнай білуге дағдыландыру; белгі бойынша қимылдауға баулу. Балалар бір-бірінің	бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады. (танымдық дағдылар) "Пішіндерді кұрастыр" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту. Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есеп таяқшаларды таратып береді.	арттыру; артикуляцияны, сөйлеу қабілетін дамыту. "Бақа туралы". Жап-жарық жылы күнде, Жап-жасыл шөп үстінде, Жап-жасыл көйлек киген Бақа бізге былай деген: - Бадырақпын, Бақылдаймын. Достарымды Шақырамын. Бақ-бақ! Қайдасындар?! Бақ-бақ! Неге шықпайсындар?! Д. Ахметова (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) "Қимыл ойлап табу" ойыны.	бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені атауды сұрайды. Бастаушы бала суретті алып, балаларға көрсетеді, ал отырған балалар оны айтады. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) "Жел көбік" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұруға дағдыландыру, мәтінге сәйкес қимылдарды жасауға үйрету. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын
--	--	---	---	--	---

		қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айта жүріп, балалар шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бар дауыстарымен "Тарс етті", - дейді де, тізерлеп отырады. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрып, қайтадан шеңберге	Балалар солардан геометриялық пішіндерді жасап шығару керек. Төмендегідей тапсырмалар беріледі: төрт таяқшадан шаршы құрастыру; үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру; үй құрастыру; жалауша құрастыру; жұлдызша құрастыру. (танымдық дағдылар)	Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтай білуге машықтандыру, вестибуляр аппаратын, ой-қимлын, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін бастаушы етіп тағайындайды. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді. Әдемі шеңберде, Билейік кең жерде. Қолдармен ұстасып, Бәріміз жұптасып. Бірігіп достасып, Бір орында ұстасып, Осылай етіп істейік.	дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады. Көпіре гөр көбік-шар, Көпіре гөр кеңіп шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші: "Жел көбік жарылды", - деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен. "Тарс етті", – дейді де тізерлеп отыра кетеді. Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп
--	--	--	--	--	---

		тұрады, ойын қайтадан басталады. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)		Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. (дене шынықтыру)	тұрады, ойын қайта басталады. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)
Таңертеңгі жаттығу	"Қуыршақпен ойнаймыз". Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде, 1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (Зрет). 3-4 б.қ. Аяқ алшақ, қуыршақ алда, 1-2 денені оңға, солға бұру, б.қ. келу. Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау, 1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді". 5-6 б.қ. келу (Зрет).				

	Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою. 3-4 тік тұру, Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Қуырмаш" саусақ а арналған жаттығу. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.	"Жұбынды тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: зейінділікке, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, кеңістікті бағдарлауға баулу. Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді.	"Кішкене өзен арқылы" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтап, белгілі нұсқаулар бойынша бағыттауға, ептілікке баулу; зеректікке тәрбиелеу. Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады)	"Мұқият бол" ойыны. Мақсат-міндеттер: мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. Балалар бір-бірінің артынан айналып, шеңберге жасап тұрады. Тәрбиеші шеңбердің жанында тұрады, оны барлық балалар көреді. Оның қолында 3 сурет:	"Қатып қал" ойыны. Мақсат-міндеттер: еркін қозғалыстарды, ой-қиялды, дене тепе-теңдігін дамыту. Көңілді және қозғалысты әуен ойнап тұр. Балалар секіріп және еркін әуен тактісіне қозғалады. Кенеттен әуен үзіліп қалады,

	Қуыр-қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш. Бас бармақ, Балан үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Сен тұр – қошақанға бар! Сен тұр – құлыншакқа бар! Сен тұр – лаққа бар! Сен тұр – бұзауқанға бар! Сен тұр – ботаңа бар! Ал сен алаңдамай, Қазан түбін жалап, үйде жат! (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар. Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады. (дене шынықтыру, танымдық дағдылар)	балаларға: мынау – "өзен", - дейді; оның үстіне тақтайдан көпір (ұзындығы 2- 3м, ені 25-30см) салады да балаларға: "Көпір арқылы жүруді үйренейік", - деп ұсынады. Балалардың бір- біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді. (дене шынықтыру)	балық, тастар және балдырлар. Тәрбиешінің белгісі бойынша (ысқырық) балалар бір-бірінен кейін шеңбер бойымен қозғала бастайды. Педагог кезекпен суреттері бар карточкаларды көрсетеді: 1. Балықты көрсеткен кезде, балалар шеңбер бойымен қолдарын сермеп баяу жүгіреді. 2. Тастарды көрсеткенде, балалар тізелерін құшақтап отырады. 3. Балдырларды көрсеткенде, балалар бір орында тұрады да, қолдарын жоғары көтеріп, қолдарын жан-жаққа тербеледі. Қай бала қателеседі, сол бала ойыннан	балалар әуен тоқтағандағы қалыпта қатып қалады. Содан кейін 1-1,5 минуттан кейін әуен қайта жалғасады және балалар қозғалысты жалғастырады. (дене шынықтыру)
--	---	--	---	---	--

				шығып қалады. (дене шынықтыру)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Құрастырудан ойын-жаттығу "Үй құстарына арналған қоршау" Мақсат-міндеттер: Құрылыс материалының формаларын атау және біріктіру қабілетін қалыптастыру, өз жобалары бойынша құрылыс жасауға деген ұмтылысты дамыту, қоршаған әлемге құрметпен қарауды тәрбиелеу.	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Су - тіршілік көзі" Мақсат-міндеттер: Балаларда гимнастикалық таяқтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында жеңіл секіру техникасын бекіту; бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын жетілдіру; оқу қызметін пысықтау; көлік түрлері туралы білімдерін толықтыру.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Әтеш пен Тоты" украин халық ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегінің мазмұнын толық өз ойларын жеткізіп айтуға; байланыстыра сөйлеуге үйрету; балалардың бойына ертегі мазмұнын түсіндіріп, адамгершілік, мейірімділік, досқа адал болу сезімін сіңіру; ертегі кейіпкерлерімен бірге қуану, ренжу сезімдерін ояту; өздерінің құрбы- құрдастарымен адал, тату ойнауға дағдыландыру; сөздік	Сурет салудан ойын-жаттығу "Құстар қанатын жайды" Мақсат-міндеттер: Алақанмен басу техникасымен таныстыру; бояуды алақанға жылдам жағып, құстың қанатын алақанды бастыру арқылы салуды үйрету; түстердің атауын нақтылау және бекіту; құстардың тіршілік ету ортасын түсіндіріп, бейнелеуге деген ұмтылыстарын қолдау; сурет салуға деген құштарлықтарын арттыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу.	Музыкадан ойын- жаттығу "Бұлақтың сылдыры" Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.

			қорын молайту.		
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Теректі бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру. Тақпақ. Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз. Терек егеміз бақтарға, Айналасын қоршаймыз. - Балалар, бұл терек ағашы. Оған	Суды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балалармен суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру. Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады. Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне	Қанқызды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: қанқызы қоңызы туралы түсініктерді беру, жетілдіру; жәндіктер әлеміне деген қығығушылықты арттыру. - Балалар, біз серуен кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық? - Иә, бұл қанқыз. Қанқыз – қызыл түсті, үстінде жеті нүктесі бар кішкентай жәндік. Ол	Суды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қығығушылықты арттыру. Іс-тәжірибеде: құйылатыны, төгілетіні, ыдыста, шалшықта қозғалмай тұратынын - анықтау. Салқын, жылы, ыстықта кеуіп кетеді дегенді айтқызу. Іс-тәжірибеде судың адамның,	Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру. Күннің сәулесі туралы айту. Тақпақ. Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! "Көк ту" ойыны. Мақсат-міндеттер:

	жақындату. - Терек-тез өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы - жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңіл, одан қағаз, сіріңке, ойыншықтар жасайды. Еңбек әрекеті:	аудару: сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету. Үлкен балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау. Еңбек әрекеті: қурап қалған	кішкентай болса да ештеңеден қорықпайды. Неліктен? - Егер де оны қолыңа алып, басып қалсаң, олар сап-сары жағымсыз иісі бар уын шығарады. Сол себепті оған құстартиіспейді. Тіпті қызыл түсті нүктелі зат көрсе болғаны, олар жоламауға тырысады. Міне, қанқыз осылайша қорғанады екен. Қорғанудың тағы бір түрі, оларды ұстап алсаң, ол өлген сияқты болып қатып қалады да, қауіп төнбегенін байқаған уақытта қайтадан өзінің ісімен айналыса береді. Еңбек әрекеті:	өсімдіктердің тіршілігіне ықпалына көңіл аудару. Гүлзарды суару, таза ас суын ішкізу. Іс-тәжірибеде суды асфальтқа төгіп, күннің көзінде кебуін бақылату. Балаларға : кеуіп кетеді - дегенді айтқызу. Еңбек әрекеті: гүлзарда өскен гүлдерді суару. (еңбек дағдылары) Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: су құйғыштар. "Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Ойын мақсаты: балаларды қырағылыққа,	достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама - қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске
--	--	--	---	--	--

құмсалғышқа құм салу, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуға үйрету. (еңбек дағдылары) "Гүлдер мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуға және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы медальондар: гүлдер мен аралар. "Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты	шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттер: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс. "Толқиды теңіз" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу. Балалар ойын алаңында айналып жүріп: «Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт» - сөз жолдарын айтады.	учаскедегі қоқыстарды жинау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету. "Қонызды (көбелекті) гүлге қондыр" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын арттыру; түстерді ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; кеңістікті бағдарлауға машықтандыру. Құралдары: түрлі түсті гүлдердің және дәндіктердің кескіндері (ламинадталған).	дәлдікке үйрету. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: Ал ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне	жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. "Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілікпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кегльдер. Еңбек әрекеті: алаңдағы ағаштардан түскен құрқақ қоқыс бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.
---	---	---	---	--

	арттыру. Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: допты аулау және лақтыру жаттығулары Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.	Тәрбиеші белгісі бойынша: Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек. "Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппараттарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық	Педагог алдын-ала түрлі түсті гүлдердің кескіндерін алаңға шашыратып жайып салады. Балалар өздеріне ұнаған қоңызды, көбелекті алып, белгі бойынша түсі бірдей гүлге жүгіріп барып, жәндікті гүлдің үстіне қондырады. Ойынды бірнеше рет қайталауға болады. "Маған қарай жүгір" ойыны. (дене шынықтыру) Балалар бөлменің бір қабырғасын бойлай қойылған орындықтарда немесе алаңды жағалай отырады. Тәрбиеші бөлменің қарсы бұрышына немесе алаңның ең алыс бұрышына барып: «Маған қарай	қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуге дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау. Еңбек әрекеті: гүлді күту. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: учаскеде өсетін өсімдіктерді өз бетінше қорғауға үйрету; гүлге ұқыпты қарауға және сүюге тәрбиелеу. "Осындай бола ма, болмай ма?" ойыны. Мақсат-міндеттер:	Балалардың еркін ойыны
--	---	--	---	--	--------------------------------------

		балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылдып жатқанын бақылайды. Балалардың еркін ойыны. Балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.	жүгіріңдер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. Тәрбиеші оларды қолын жайып, ишаратпен қарсы алады. Балалардың бәрі келіп, тәрбиешінің қасына жиналып болғаннан кейін, ол серуендеуді ұсынады. Балалар өздері жүргісі келген жерде емін-еркін тәрбиешімен бірге бөлме ішінде жүреді. Тәрбиеші бұдан кейін: «Үйге қарай жүгіріңдер» - дейді. Балалар жүгіріп барып орындықтарына отырады. Ойын осылай 4-5 рет қайталанады. Алғашқы кезде ойынды азғана балалар тобымен	сұраққа жауап беруге және жауабын түсіндіруге үйрету. - Балалар, жазда қар жауа ма? Күн шығып тұр, жаңбыр жауып тұр? Қараңғы және жарық жерде өсіп тұрған өсімдіктерді қадағалау, күнге тартылатын өсімдіктер қозғалысына көңіл бөлу. Өсімдіктер өсу үшін жарық қажет. Балалардың еркін ойыны.	
--	--	---	---	---	--

			өткізген дұрыс, кейін ойнаушылардың саны арта түседі (үйлеріне қайтқан кезде балалардың кез-келген орындыққа отыруына болады). Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар. Мақсат-міндеттер: жылдамдықты дамыту, бір-біріне итерместен алаңда жүгіру мүмкіндігін жетілдіру. Балалардың еркін ойыны.		
Серуеннен оралу	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас					
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан тұрғанда , бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін еркін шығару. 2. Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру,				

	дегалу. 3. Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. 4. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолдарын жанында ұстап, аяқтарын көтеріп велосипед тебу. Төсектен тұрғызу. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Оркестр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға музыкалық аспаптар мен олардың дыбыстарын анықтауға үйрету. Құрал-жабдықтар: барабан, сыбызғы, қоңырау, шымылдық. Тәрбиеші музыкалық аспаптармен таныстырады, содан кейін аспаптарды шымылдыңтың артына тығады. Аспаптардың бірінде ойнап, балалардан	"Ненің дауысы?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, оларды нақты айтуға үйрету, екпінді дұрыс қою. Тәрбиеші жануарлардың дауыстарын салады. Балалар қай жануардың дауысы екенін табулары қажет. Мысалы, тәрбиеші "ква-ква-ква" деп қатты дауыстап: "Бұл ненің	"Қуыршақты шомылдыру" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: судың маңызы туралы білімдерін толықтыру, жағымды көңіл-күй тудыру. Қуыршақты жылы сумен жуындыру, оларды жөке және сабынмен жуу, сүлгімен сүрту. Енді біз қуыршақтарды шомылдырамыз. Ыдысқа жылы су құямыз, суды тексереміз. Біздің	"Тәртіпке келтір" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды "орнына қою", "орнына апару" етістіктерін қолдана отырып сөйлем құруға үйрету. Құралдар: түрлі-түсті текшелер жиынтығы. (Әр түсті текшеден 2-3-тен болуы тиіс) және 4 кішкентай түрлі-түсті қораптар. Тәрбиеші балалардың назарын текшелерге аударады және олардың қандай	"Ыдыс жуу" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: суды дұрыс қолдану туралы білімдерін кеңейту. Қуыршақтың "түскі асынан" кейін, ыдыстарды жуу керектігін айту. Ас бөлмесіне барып, кранды ашып, жылы не суық су қажеттігін сұрау. Біз ыдысты жылы сумен және арнайы құралдарды пайдаланып жуамыз. Ыдыстарды таза

	қай аспаптың дыбысы екенін айтуды сұрайды. Қай бала дұрыс табады, сол бала аспапты алады да, сол аспапта ойнайды. (сөйлеуді дамыту, музыка) "Үйшік" ертегісін сахналау. Мақсат-міндеттер: балалардың ертегілердің кейіпкерлеріне рөлдеріне енуіне жағдай жасау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	дауысы дейді? Балалар "бақа" деп жауап береді. Содан кейін тәрбиеші басқа жануардың дауысын шығарады. Ойын осылай жалғаса береді. (сөйлеуді дамыту, музыка) "Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды науқастарға күтім жасауға және медициналық құралдардың қажеттілігін білуге үйрету, балаларды ұқыптылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу, сөздік қорын кеңейту: "аурухана", "науқас", "емдеу", "дәрі-	қуыршақтарымыздың есімдері кім екен? Мынау - Алуа, ал мынау - Алма. Бірінші кімді түсіреміз. Олай болса, Алуаны суға шомылдырайық. (сөйлеуді дамыту) "Түрлі-түсті су" ойыны. Мақсат-міндеттер: судың қасиетімен таныстыру (су түсін өзгертеді). Құрал-жабдықтар: акварель бояулар, қылқаламдар, 5 мөлдір пластикалық стакандар (болашақта стакандардың саны кез келген болуы мүмкін), су. Стакандар сумен бірге бір қатарда тізіліп тұрады. Балалар	түс екенін сұрайды. - Енді сендер қуыршақтың текшелерді қораптарға қалай салатынын көресіз. (Үстелге түрлі-түсті қораптар қойылады) - Қуыршаққа қараңыз, ол не істейді? (Қуыршақ қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады) - Иә, ол қызыл текшелерді қызыл қорапқа салады. Бұны қуыршақ жасады? - Сары текшелерді қай қорапқа салу керек? Сары қорапқа дұрыс айтасыңдар. - Сол сияқты, көк текшені көк қорапқа, жасыл текшені жасыл қорапқа салады.	сумен шаямыз. Шайып болғаннан кейін, ас үйдің сүлгісімен құрғатамыз. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) "Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю" тәжірибесі. Мақсат-міндеттер: судың қасиеттері туралы түсінік беру: "сұйық", "төгіледі", "дымқыл", "құрғақ". Ойын барысы: Тәрбиеші балаларды су құйылған ыдыстың қасына шақырады, Әр балаға бір -бір ыдыстан таратып береді. Бір ыдыстан екінші ыдысқа қалай құю керектігін көрсетеді. Балалар қайталайды.
--	--	--	--	---	---

		дәрмектер", "температура" ұғымда рын түсіндіру. Құрал-жабдықтар: қуыршақтар, ойыншық жануарлар, медициналық құралдар: термометр, шприц, дәрі- дәрмектер, қасық, фонендоскоп, мақта, таңғыш, халат және дәрігерге арналған қалпақ. Тәрбиеші аурухана ойынын ойнауды ұсынады, дәрігер таңдалады, қалған балалар ойыншық жануарлар мен қуыршақтарды алып, ауруханаға дәрігердің қабылдауына келеді. Дәрігер әртүрлі аурулары бар науқастар қарайды: аюдың тістері	қылқаламмен бір түсті алып, стақандағы суға салып, араластырады да, не болғанын бақылайды. Балалар қызығып қарайды. Әр стақанға әр түрлі түстерді салып, балалар тәжірибе жасайды. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	(сөйлеуді дамыту) "Домино", "Лото" үстел үсті ойындары. Мақсат-міндеттер: ойлау қабілеттерін дамыту, ұқыптылық пен бастаған істі соңына дейін жеткізуді қалыптастыру. (математика негіздері, танымдық дағдылар)	(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)
--	--	---	--	--	---

		ауырады, өйткені ол көп тәттілерді жейді, сайқымазақтың маңдайында жарасы бар, қуыршақ Алуа саусағын есікпен қысып алған және т.б. науқастар. Оларды тыңдайды, мойнын қарайды, температурасын өлшейді, дәрі тағайындайды, инъекция жасайды, дәрілер береді. Тәрбиеші балалардың ойынын бағалайды, балалар қалай қарым- қатынасқа түсіп жатыр, өз ойларын толық жеткізе ала ма, балаларды жан- жақты бақылайды. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)			
--	--	---	--	--	--

Балалармен жеке жұмыс	Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атауға арналған тапсырмалар. (математика негіздері)	Суреттер бойынша сөйлем құрастыруды үйрену. Сөйлемдерді толық айтуға дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру) "Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін	"Ені бойынша салыстыру" заттарды ені бойынша жаттығу. Мақсат-міндеттер: жуан-жіңішке, ұзын-қысқа ұғымдарын пысықтау. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)	"Жаз" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарастыру. Мақсат-міндеттер: сұрақтар қою, балаларды сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)	Жұмбақтар шешу, жаңылтпаштар айту, ертегілер тыңдау кешін өткізу. Мақсат-міндеттер: балалардың қазақ ауыз әдебиетіне деген, көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)
-------------------------------------	--	--	---	---	--

		сипаттайтын суреттер топтамалары. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, қазақ тілі)			
Серуенге дайындық	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын құралдарын алу, балалармен қауіпсіздік шаралары туралы жеке әңгімелер. Серуендеуге дұрыс жиналу әрекеттері, балаларды өз еркімен киінуге үйрету. Таза ауада шынығып, Серуенге шығайық. Киімдерді тез киіп, Ойнап-ойнап алайық.				
Серуен	Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
Балалардың үйге	"Жазғы балалар	"Балаларды жазда	"Денсаулықты сақтау	Ата-аналардың	"Баланың демалыс

қайтуы (ата-аналарға кеңес)	ойындары" туралы кеңес беру.	шынықтыру" тақырыбында кеңес беру.	өмір салты" туралы ата-аналарға арналған кеңес.	сұранысы бойынша кеңестер.	күндерін дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында кеңес.
-----------------------------	------------------------------	------------------------------------	---	----------------------------	--